ӘОЖ 93/94 (075.8)
КБЖ 63.3 я 73
Қ 57

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№4 хаттама 9 сәуір 2015 жыл)*

**Пікір жазғандар:**
тарих ғылымдарының докторы, профессор ***Г.Ж. Төлеубаева***
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент ***К.К. Құнапина***
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент ***Г.Д. Рашева***

**Қозғамбаева Г.Б.**

Қ 57 Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы / құраст.: Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева. – Өңд., толықт. екінші бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.
**ISBN 978-601-04-1625-3**

Жоғары оқу орындарында тарих мамандықтары бойынша білім алу барысында тарихты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдері меңгерудің алатын орны ерекше. Тарихты оқыту әдістемесі курсының типтік бағдарламасы негізінде дайындалған оқу құралы дәріс баяндар жинағы түрінде берілген. Оқу құралында тарихты оқыту барысында тақырыптарды жаңа мазмұнмен байытуда педагогика мен психология ғылымындағы бағыттар басшылыққа алынды. Тарих сабағын ұйымдастырудың тәсілдері және оқу процесінде жаңашыл әдістерді қолдану мәселе-лер теориялық және әдістемелік тұрғыдан баяндалады.

Студент – болашақ тарих пәні оқытушысы, тарих сабағын өтуде көрнекі құралдармен, тарихи құжаттармен, тест тапсырмаларын орындау, дәстүрлі, дәстүрлі емес сабақ түрлерін және сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру жолдарымен танысып, оны практикалық сабақ пен педагогикалық іс-тәжірибеден өту барысында қолдануда оқу құралының септігі мол.

**ӘОЖ 93/94 (075.8)**
**КБЖ 63.3 я 73**

© Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ISBN 978-601-04-1625-3

## КІРІСПЕ

Тарихты оқыту әдістемесі пәннің іргелі мәселелерін, заңдылықтарын, мақсатын мен мазмұнын, әдісін қарастырады.

Тарихты оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты: тарих сабағын өтуде тарихи білім берудің түрлерін, әдіс-тәсілдерін, оқытудың негізін пайдаланудың практикалық ілімдерін меңгерумен анықталады.

Пәннің негізгі міндеттері: тарихты оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін үйрену; оқудың мазмұнымен қоса педагогикалық құралдармен танысу; тарихты оқыту әдістемесінің іргелі мәселелерін анықтау; тарихи пәндерді, тақырыптарды, бөлімдерді оқыту мақсатын нақтылау; оқыту мақсатын нақты қою және әртүрлі кезеңдердегі жұмыстың нәтижесін анықтау; оқытудың мақсаты мен міндеттеріне, студенттердің танымдық мүмкіншіліктеріне сәйкес мазмұнды таңдау, тест жасау; оқыту нәтижесін анықтағаннан кейін педагогикалық қызметке толықтырулар мен өзгерістер енгізу.

Пәнді оқытуға мүмкіндік берген бұрынғы пәндер: Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы, теориялық деректану және арнайы тарихи пәндер.

Тарихты оқыту әдістемесі пәні оқыту мазмұнын айқындауға мүмкіндік беретін тарихи пәндермен, танымдық қабілет пен іс-әрекетін ашып көрсететін психология пәнімен, пәнді оқытудың әдістерін анықтайтын педагогика және философия пәндерімен байланысты.

Студенттер тарих сабағынан:
- оқыту мақсатын нақтылауды;
- тарихты оқытуда қолданылатын әдістерді;
- негізгі тарихи фактілерді, теориялық тұжырымдарды бөліп көрсетуді;
- кестелер, схемалар жасау, сұлбалар, жадынамаларды құрастыруды;